

бөлшектеу және таратылған әуеайлақты (әуежайды) пайдаланудан шығару; әуеайлақты (әуежайды) көшіру - әуеайлақты (әуежайды), олардың жабдықтарын, әуеайлаққа, әуежайға меншік нысанын және қызмет түрін сақтай отырып, басқа орынға көшіру.

2. Әуеайлақтарды, әуежайларды тарату немесе көшіру шарттары

3. Әуеайлақты (әуежайды) тарату немесе көшіру мынадай шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

1) тарату немесе көшіру азаматтар мен ұйымдардың әуеайлаққа (әуежайға) қатысты құқықтарын немесе мүдделерін бұзбаса;

2) тарату немесе көшіру азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне, қоршаған ортаға қатер төндірмейтін болса;

3) әуеайлақты (әуежайды) тарату немесе көшіру ұшу қауіпсіздігін және/немесе авиациялық қауіпсіздікті бұзбаса.

3. Әуеайлақты (әуежайды) тарату немесе көшіру тәртібі

4. Әуеайлақты (әуежайды) тарату немесе көшіру туралы шешімді (бұдан әрі - шешім) әуеайлақтың (әуежайдың) меншік иесі қабылдайды, жазбаша түрде ресімдейді және таратудан немесе көшіруден 3 (үш) ай бұрын уәкілетті органға келісуге жібереді.

Осы тармақ мемлекеттік меншік нысанындағы әуеайлақтарға (әуежайларға) қолданылмайды.

5. Шешімде мынадай ережелер болуы тиіс:

1) әуеайлақтың (әуежайдың) пайдаланушысының атауы;

2) әуеайлақтың (әуежайдың) меншік иесі (меншік иелері) туралы деректер;

3) тарату немесе көшіру негіздері;

4) әуеайлақты (әуежайды) тарату немесе көшіру мерзімдері.

Меншік иесі (немесе оның тапсырмасымен - пайдаланушы) көрсетілген шешімімен бірге объектілерді және жабдықтарды бөлшектеу, құрастыру тәртібін (бұдан әрі - бөлшектеу, құрастыру тәртібі) әзірлейді, әуеайлақтың (әуежайдың) аумағында меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде мүлкі бар заңды немесе жеке тұлғалардың келісімін алады және келісу үшін уәкілетті органға жібереді.

Уәкілетті органның көрсетілген құжаттарды келісу мерзімі оларды алған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен аспауға тиіс.

Осы Ереженің 3-тармағында көзделген шарттар сақталмаған жағдайда

уәкілетті орган шешімге және бөлшектеу, құрастыру тәртібіне келісім беруден бас тартуы мүмкін.

6. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасын, мемлекеттің мүдделерін, азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету үшін мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша әуеайлақты (әуежайды) тарату немесе көшіру жөнінде комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрады. Комиссияны құру мерзімі уәкілетті органмен шешімді және бөлшектеу, құрастыру тәртібін келіскен күннен бастап 30 күннен аспауға тиіс.

Комиссия құрамына уәкілетті органның, мүдделі мемлекеттік органдардың, әуеайлақтың (әуежайдың) меншік иесінің өкілдері кіреді. Комиссия құрамына тиісті ғылыми-зерттеу және жобалау-ізвестіру институттарының (ұйымдарының) өкілдері міндетті тәртіппен кіруі тиіс.

Таратылатын немесе көшірілетін әуеайлақ (әуежай), не олардың мүлкінің бір бөлігі мемлекеттің меншігі болған жағдайда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің немесе оның аумақтық органдарының өкілдері Комиссия құрамына енгізіледі.

7. Уәкілетті орган Комиссияның қарауына келісілген шешім мен бөлшектеу, құрастыру тәртібін енгізеді.

8. Комиссия құрылған күнінен бастап 30 күн ішінде:

1) таратуға немесе көшіруге жататын объектіні тексеруді жүргізеді, құжаттаманы зерделейді, оның техникалық және пайдалану жай-күйін белгілейді ;

2) осы әуеайлақты (әуежайды), сондай-ақ оның жекелеген объектілері мен жабдықтарын одан әрі пайдалану мүмкіндігін (мүмкін еместігін) анықтайды;

3) осы Ереженің 3-тармағында көзделген тарату, көшіру шарттарының сақталуын тексереді ;

4) осы Ереженің қосымшасына сәйкес жұмыс нәтижесі бойынша әуеайлақты (әуежайды) тарату немесе көшіру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытындысы бар әуеайлақты (әуежайды) тарату (көшіру) актісін жасайды.

9. Әуеайлақтың (әуежайдың) меншік иесі (немесе оның тапсырмасымен пайдаланушы) Комиссия талабы бойынша:

таратылатын, көшірілетін әуеайлаққа (әуежайға) қатысты қажетті ақпарат б е р е д і ;

әуеайлақ (әуежай) толық таратылғанға немесе көшірілгенге дейін әуеайлақ ауданында ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

10. Комиссия :

1) таратылатын, көшірілетін әуеайлаққа (әуежайға) немесе олардың объектілеріне, жабдықтарына қатысты қажетті ақпаратты, құжаттаманы с ұ р а т а д ы ;

2) әуеайлақ (әуежай) объектілеріне олардың техникалық жай-күйін қарау, тексеру және анықтау мақсатында барады;

3) ұшу қауіпсіздігін, мемлекет мүддесінің сақталуын, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, төтенше жағдайларды болдырмау мақсатында қажетті шаралар қабылдайды.

11. Актіде әуеайлақтың (әуежайдың) объектілерін қарау, тексеру нәтижелерінің көрсетілуі, оның толық сипаттамасы және 3-тармақта жазылған шарттарды сақтай отырып, әуеайлақты (әуежайды) тарату немесе көшіру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытындысы болуы тиіс.

Комиссияның шешімі бойынша Актіде таратылатын, көшірілетін әуеайлаққа (әуежайға) қатысты басқа да қосымша деректер көрсетілуі Комиссия әуеайлақты (әуежайды), сондай-ақ оның жекелеген объектілері мен жабдықтарын одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау үшін тиісті ғылыми-зерттеу, жобалау-іздігіру институттарын және олардың өкілдерін, сондай-ақ жабдықтарды жасаушы зауыттардың өкілдерін тартуы мүмкін.

12. Акті әуеайлақ (әуежай) меншік иесі және уәкілетті орган үшін бір-бір данадан жасалады және оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

13. Әуеайлақтың (әуежайдың) объектілерін, жабдықтарын тексеру нәтижелері бойынша Актіге қоса берілетін олардың техникалық жай-күйін бағалау ведомосі, объектілерді, жабдықтарды есептен шығару актілері жасалады.

14. Пайдалану шарттарын, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу салдарынан әуеайлақ (әуежай) таратылатын немесе көшірілетін жағдайда қажет болған кезде Қазақстан Республикасының тиісті құқық қорғау органдарына жіберілетін осы бұзушылықтар жөніндегі деректер Актіге қоса беріледі.

15. Әуеайлақты (әуежайды) тарату, көшіру анықталғаннан кейін меншік иесі (немесе оның тапсырмасымен пайдаланушы) Актіге және бөлшектеу, құрастыру тәртібіне сәйкес уәкілетті органға әуеайлақтың (әуежайдың) таратылуы, көшірілуі туралы есепті жібереді.

16. Әуеайлақтың (әуежайдың) меншік иесі Комиссия қорытындысымен, уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Әуеайлақтар мен әуежайларды таратудың немесе көшірудің ережесіне қосымша

Әуеайлақты (әуежайды) тарату (көшіру)

АКТИСІ

Тарату (көшіру) жөніндегі комиссия мына құрамда:
Комиссия төрағасы _____
Комиссия мүшелері: _____

Әуеайлағын (әуежайын) тарату (көшіру) туралы шешім қабылдау мақсатында оның объектілеріне, жабдықтарына тексеру жүргізді.
Әуеайлақтың (әуежайдың) заңды мекен-жайы _____
Әуеайлақтың (әуежайдың) меншік иесі _____
Әуеайлақтың (әуежайдың) пайдаланушысы _____
Әуеайлақтың сыныбы _____
Әуеайлақтың (әуежайдың) өткізу қабілеті _____
Пайдаланудың басталу күні _____
Пайдалану басталғаннан бергі күрделі жөндеу саны _____
Соңғы күрделі және ағымдағы жөндеу күні _____
Негізгі өндірістік қорлардың (жалпы) құны _____ теңге
Негізгі өндірістік қорлардың есептелген тозу сомасы _____ теңге
Негізгі өндірістік қорлардың қалдық құны _____ теңге
Негізгі өндірістік қорларды есептен шығарудан (тарату, авария немесе табиғи апаттар жағдайында) болған шығындар _____ теңге
Әуеайлақтың (әуежайдың) негізгі өндірістік қорларының әрбір объектісі, жабдықтары бойынша қалдық құны: _____

Әуеайлақты (әуежайды) таратуға немесе көшіруге қажетті шығындар _____ теңге

Әуеайлақтың (әуежайдың) техникалық жай-күйінің сипаттамасы _____

Комиссия қорытындысы _____

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

М.О.